

Бердібек Соқпақбаев-балалар әдебиетінің бәйтерегі сабакы туралы мәліметі

20 казан күні мектеп кітапханасында балалар әдебиетінің классигі, көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шыгармашылығына арнап «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітапханалық сабак өтті.

Мектеп кітапханашысы А.Ахметова Соқпақбаевтың шыгармашылық жолына тоқталды. «1957 жылы жазылған «Менің атым Қожа» повесі — қазақ балалар әдебиетінің ең озық туындысы. Повесть Франция, Польша, Чехославакия, Болгария және басқа елдерде басылып, орыс, украин, француз, литва, латыш, езбек тілдеріне аударылды. Сонымен қатар, 1967 жылы осы шыгарма бойынша түсірілген фильм Канн қаласында еткен Халықаралық фестивальде арнаулы жүлдеге ие болды. Оның қаламынан шықкан «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Альстагы ауылда» атты шыгармаларын қайта-қайта оқимын», — деді ол.

«Шынайы да шыншыл суреткер көркемдік әлемінің азаптарын бастаң кешкен кезде ғана, бір белестен екінші белеске сәтті көтеріле біледі. Демек, екінші сөзben айтқанда, болашақ шыгарманың да жұлдызы жарық болады. Бердібектің «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Қайдасың, Гаухар!» повестері мен «Өлгендер қайтып келмейді» романы осындай биік талғамның, көркемдік әлемінің сәтті туындысы болды. Бұл шыгармаларда тек жазушы Бердібекке ғана тән тапқырлық пен тиянақтылық, суреттеу құралдарының дәлдігі, кейіпкер әрекетінің табигильтік, сезім арпалысының сенімді суреттері «мен мұндалап» тұр», — деп Тахауи Ахтанов айтқандай, Бердібек Соқпақбаевтың шыгармалары әдебиетіміздің мәнгілік мақтанышы бол жасай береді

